

# МАТЕМАТИКА


# 3

СЫНЫП

*Есепте, ойлан,  
Білімді қолдан!*

$$600 + 40 =$$

$$845 - 800 =$$



+CD



Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова,  
Т.В. Лихобабенко

# МАТЕМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің  
3-сынып оқушыларына арналған оқулық








1-бөлім

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі ұсынған*

Алматыкітап баспасы  
2018

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 22.1я 72  
А 37

### Шартты белгілер:

- |  |                      |   |                                   |
|--|----------------------|---|-----------------------------------|
|   | – сабақтың мақсаты   |  | – практикалық жұмыс               |
|   | – Сен нені үйрендің? |  | – өзіндік жұмыс                   |
|   | – есінде сақта       |  | – үй тапсырмасы                   |
|   | – зертте             |  | – математика<br>күнделікті өмірде |
|   | – топтық жұмыс       |  | – шығармашылық жұмыс              |
|  | – жұптық жұмыс       |   |                                   |

**Ақпаева Ә.Б.**

**А 37 Математика. Оқулық. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. /Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова, Т.В. Лихобабенко. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2018. – 108 б., суретті.**

ISBN 978-601-01-3690-8  
1-бөлім. – 108 б., сур.:  
ISBN 978-601-01-3689-2

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 22.1я 72

ISBN 978-601-01-3689-2 (1-бөлім)  
ISBN 978-601-01-3690-8 (жалпы)

© Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж.,  
Лихобабенко Т.В., мәтіні, 2018  
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2018



## Құрметті дос!

Біз сенімен қайта кездескенімізге қуаныштымыз. Сен есейіп қалыпсың. Бұл оқулық 2-сыныпта оқыған «Математика» пәнінің жалғасы болып табылады. Биылғы оқу жылында сен 1000 көлемінде санауды, көбейту және бөлу кестесін жаттауды үйренесің. 1 миллионға дейінгі сандармен танысасың. Енді сен дүкенде сауда жасауды, сағат бойынша уақытты анықтауды, ұзындықты өлшеуді және заттың массасын анықтауды білетін боласың. Мектепке дейінгі жолға қанша уақыт кететінін, массаны қандай өлшем бірлігімен өлшейтінін білесің.

Бұл оқулықтағы қызықты тапсырмалар сенің ойыңды және тапқырлығыңды дамытуға көмектеседі. Достарыңмен есепті тез және дұрыс шығару бойынша жарыса аласың, өрнек құрасың, есеп шығарасың, теңдеу шешесің. Геометриялық фигуралардың қасиетін және олардың ауданын өлшеуді үйренесің.

Біз, оқулық авторлары, саған білім жолында табыс тілейміз. «Математика» пәнін қызыға оқып, алған біліміңді күнделікті өмірде қолдана білуіңді қалаймыз.



1А. 1000 КӨЛЕМІНДЕГІ САНДАР. ҚОСУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ

1

1 000 көлеміндегі сандар

Жанды табиғат



Сен үш таңбалы сандарды оқуды, жазуды, салыстыруды және қарапайым теңсіздікті шешуді үйренесің.

1. а) Бос орындарға тиісті сандарды жаз.

200 =  жүзд.

400 кг =  ц

100 кг =  ц

900 =  жүзд.

700 кг =  ц

1000 кг =  ц

ә) Үлгіде көрсетілгендей шығар.

200 + 100 = 2 жүзд. + 1 жүзд.

400 + 500

1000 - 100 = 10 жүзд. - 1 жүзд.

800 - 200

900 - 100 = 9 жүзд. - 1 жүзд.

1000 - 800

900 + 100 = 9 жүзд. + 1 жүзд.

700 - 200

2. Кестедегі сандарды оқы. Сандардың разрядын ата.

Санның разряды



Разряд – бұл сандарды жазудағы цифрдың орны.

Бірліктер класы			Санның моделі
Разрядтар			
Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер	
3	0	0	
3	0	5	
3	4	5	

Бірліктер класы



Үш таңбалы сандарды салыстыру ең үлкен разрядтан басталады.



3. Түрлі түсті қима қағаз дайындап ал. Оларға сандардың разрядын жаз. Үш таңбалы сандарды салыстыру ережесін айт. Екі және үш таңбалы сандарды қалай салыстыруға болатынын айт. Өзіңнің мысалыңды ойластыр.

>

<

<

>

<

>



4. Салыстыр.

$742 * 427$

$331 * 312$

$1000 * 601$

$1000 * 999$

$504 * 405$

$401 * 410$

$297 * 270$

$650 * 605$

5. Сен үш таңбалы сандарды тауып, жанды табиғатқа нелер жата-  
тынын біл. Сандарды өсу ретімен жаз. Әр санның разрядын ата.



9



30



10



418



39



330



339



101



49



362




Фигуралар мен санау материалдарын пайдаланып, үш таңбалы сандардың бірінің моделін жасап көр.

6. Әрбір жағдайда  $x$  саны қандай мәнге ие болуы мүмкін?

$x > 12$

$x < 12$




$x$ -тің мәнін анықтау үшін сан сәулесін қолданған ыңғайлы. Сәуле сыз. Тиісті санды дөңгелекте.  $x$ -тің орнына қоюға болатын сандар орналасқан бөлігін қиғаш сызықтармен сызып көрсет.

$x < 30$


$x > 40$



7. а) Сандар жиынынан 345-тен артық және 345-тен кем болатын 5 санды ата.



ә) Сан сәулесін сызып, 1 см-ден бөліктерге бөл. Ондағы 1 см – 100 бірлікті білдіреді. Сан сәулесінен 250 санын белгіле. Шешімдер жиынынан кез келген 10 санды жаз.



8. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

$34 + 23$	$72 - 57$	$25 + 18$	$78 + 22$	$62 - 38$
$78 - 76$	$100 - 45$	$74 + 18$	$12 + 61$	$88 - 67$

9. Есепті шығар.

Биылғы жылы күн райының қолайсыздығына байланысты алмаағаштың әрқайсысынан 4 кг-нан 5 жәшік алма жиналды. Ал былтыр осындай 9 жәшік алма жиналған еді. Биыл неше килограмм алма кем жиналды?



10. а) Егер сандарды жазуда цифрлар қайталанатын болса, 4, 6, 9 цифрларынан қанша екі таңбалы сан құруға болады? Осы сандарды жаз.

ә) Егер сандарды жазуда цифрлар қайталанбайтын болса, 4, 6, 9 цифрларынан қанша екі таңбалы сан құруға болады? Осы сандарды жаз.

б) Егер сандарды жазуда цифрлар қайталанбайтын болса, 4, 6, 9 цифрларынан қанша үш таңбалы сан құруға болады? Осы сандарды жаз.



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



2

Разрядтық қосылғыштардың қосындысы

Жануарлар мен өсімдіктер әлеміне күн райының әсері



Сен үш таңбалы сандардың құрамын анықтауды үйренесің.

1. Шөл далада жауын-шашын аз түскендіктен онда ерекше өсімдіктер өседі. Ондықтары мен бірліктері жоқ үш таңбалы сандарды тауып, оларды жаз. Сонда сен Қазақстанның шөл даласында қандай өсімдіктер өсетінін білетін боласың. Басқа да өсімдіктердің өсу ортасы туралы ақпарат ізде.



300  
сексеуіл



600  
бетеге



400  
тікен



800  
жүзген



708  
алоә



940  
кактус



2. Жүздікті үлкен шаршымен, ондықты кіші шаршымен белгіле. 100 санында неше ондық болса, сонша кіші шаршының суретін сал немесе жапсыр.

3. а) Разряд дегеніміз не?

ә) 135 санында 3 разряд бар: 1 жүздік, 3 ондық, 5 бірлік.



Бұл санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде көрсетуге болады:  $135 = 1 \text{ жүзд.} + 3 \text{ онд.} + 5 \text{ бірл.} = 100 + 30 + 5$

1 0 0

1 3 0

1 3 5

3 0

5

$135 \text{ см} = 1 \text{ м} + 3 \text{ дм} + 5 \text{ см}$

$135 \text{ см} = \text{ } \text{ м} + \text{ } \text{ дм} + \text{ } \text{ см}$





4. а) Түсіндір және есепте.

5 0 0

5 6 0

5 6 5

6 0

5

$400 + 50$

$670 - 70$

$509 - 500$

$789 - 9$

$400 + 5$

$677 - 7$

$590 - 500$

$789 - 80$

$450 + 5$

$677 - 600$

$590 - 90$

$789 - 700$

ә) Жауабын сантиметрмен өрнекте.

$4 \text{ м} + 5 \text{ дм}$

$6 \text{ м} 7 \text{ дм} 7 \text{ см} - 7 \text{ см}$

$7 \text{ м} 89 \text{ см} - 9 \text{ см}$

$4 \text{ м} + 5 \text{ см}$

$6 \text{ м} 7 \text{ дм} 7 \text{ см} - 6 \text{ м}$

$7 \text{ м} 8 \text{ дм} 9 \text{ см} - 8 \text{ дм}$

$4 \text{ м} 5 \text{ дм} + 5 \text{ см}$

$6 \text{ м} 7 \text{ дм} - 7 \text{ дм}$

$789 \text{ см} - 7 \text{ м}$

5. Сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде көрсет.

354

438

634

642

571

829

6. Есепті шығар.

Метеоролог бір ай бойы ауа температурасының көрсеткішін 200 рет, бұлтты күнді 40 рет, ал жауын-шашынды 5 рет белгіледі. Ол барлығы қанша мәлімет жинады?




**Метеорология** – Жер атмосферасы және ондағы болатын құбылыстар туралы ғылым.




**Метеоролог** – табиғат құбылыстарын зерттейтін маман.

7. Сан сәулесін сыз. Теңсіздікті таңда. Сан сәулесінде оның шешімдер жиынын белгіле. Кез келген 5 мәнді жаз.

$$x > 200 \quad x < 550 \quad x > 290 \quad x > 100 \quad 300 < x$$



Сан сәулесінде қарапайым теңсіздіктің шешімдер жиынын көрсету үшін сәуледегі бөліктерді көрсетпей-ақ, қажетті санды белгіле. Содан кейін шешімдер жиыны орналасқан сәуленің бөлігін қиғаш сызықтармен көрсет.



8. Қима қағаздағы өрнектерді пайдаланып, тура теңдіктер мен теңсіздіктер құрып жаз.

$3 \cdot 7$

$8 \cdot 4$

$15 : 3$

$9 \cdot 2$

$7 \cdot 2$

$18 : 6$

$12 : 4$

$18 : 2$

$10 : 2$

$6 \cdot 3$



9. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.

$350 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$

$2 \text{ ц } 5 \text{ кг} = \square \text{ кг}$

$270 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$

$3 \text{ ц } 80 \text{ кг} = \square \text{ кг}$

$2 \text{ ц } 40 \text{ кг} = \square \text{ кг}$

$2 \text{ ц } 9 \text{ кг} = \square \text{ кг}$

$300 \text{ кг} = \square \text{ ц}$

$1000 \text{ кг} = \square \text{ ц}$

$2 \text{ ц} = \square \text{ кг}$



10. 9, 1, 8 цифрларынан тұратын барлық үш таңбалы сандарды құр. Оларды кему ретімен жаз.



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



3

Үш таңбалы сандарды ауызша қосу және азайту

Жануарлар мен өсімдіктер әлеміне күн райының әсері



Сен үш таңбалы сандарды қосуды және азайтуды үйренесің.

1. Ондықтар разрядында нөлі бар үш таңбалы сандарды ғана теріп жаз. Сонда сен Қазақстанның шөл даласында қандай жануарлардың тіршілік етуге бейімделгенін білесің. Сандарды кему реті бойынша көшіріп жаз.



890  
түлкі



509  
кесіртке



308  
тасбақа



380  
тиін



105  
қосаяқ



907  
кірпі



350  
күзен



2. Толық жүздік, толық ондық және бірліктер жазылған қима қағаздар дайындаңдар. Берілген қима қағаздарды пайдаланып сандар құрастырыңдар.



Алдыңғы және келесі сандарды атаңдар. Алдыңғы сан нешеге кем? Келесі сан нешеге артық?

5 3 2

5 0 0

3 0

2

1 2 4

1 0 0

2 0

4

5 0 6

5 0 0

0 0

6

3. Есептеу тәсілін түсіндір.

$$636 + 121 = (600 + 100) + (30 + 20) + (6 + 1) = 700 + 50 + 7 = 757$$



Бірліктерді бірліктерге қосады.  
Ондықтарды ондықтарға қосады.  
Жүздіктерді жүздіктерге қосады.

$$757 - 121 = (700 - 100) + (50 - 20) + (7 - 1) = 636$$



Бірліктерді бірліктерден азайтады.  
Ондықтарды ондықтардан азайтады.  
Жүздіктерді жүздіктерден азайтады.

4. Есептеуді түсіндіре отырып орында.

$241 + 124$

$854 - 423$

$908 - 103$

$957 - 120$

$640 + 237$

$405 + 230$

$792 - 371$

$897 - 521$

$650 + 207$



5. Есепте.

$230 + 521$

$376 - 304$

$527 - 105$

$249 - 36$

$648 - 232$

$502 + 305$

$308 + 230$

$108 + 11$

6. Есепті шығар. Есептегі мәліметтерді өзгертіп, басқа толық ондықтарды қой. Оны қайта шығар.

Әлияның былтырғы жылғы күн райын бақылау күнделігінде 60 күн бұлыңғыр, 250 күн ашық, қалған күндер бұлтты болып белгіленген. Егер бір жылда 365 күн болса, онда Әлия неше бұлтты күнді белгілеген?

7. Әріпті өрнектердің мәнін тап.

$d$	6	7	8	9
$d + 150$				

$k$	6	7	8	9
$k \cdot 4$				



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



4

## Үш таңбалы сандарды ауызша қосу және азайту

### Күн райының адам өміріне әсері



Сен үш таңбалы сандарды қосуды және азайтуды үйренесің.

1. Мына сандардың моделін жаса. Жүздіктерді, ондықтарды және бірліктерді қандай да бір заттармен, фигуралармен белгіле. Осы сандар туралы айтып бер.



100



220



324




Сан сөулесінен жиындар шешімін көрсет. Осы жиыннан 5 санды ата.

$$x < 100$$

$$x > 220$$

$$324 > x$$



2. Есептеуді түсіндір.

$$678 + 2 = 670 + (8 + 2) = 670 + 10 = \square$$

$$791 + 9 = 790 + (1 + 9) = 790 + 10 = \square$$

$$992 + 8 = 990 + (2 + 8) = 990 + 10 = \square$$

$$680 - 2 = (670 + 10) - 2 = 670 + (10 - 2) = 670 + 8 = \square$$

$$800 - 9 = (790 + 10) - 9 = 790 + (10 - 9) = \square$$

$$1000 - 8 = (990 + 10) - 8 = 990 + (10 - 8) = \square$$

3. Есепте.

а)  $576 + 4$

$872 + 8$

$1000 - 7$

$780 - 9$

$593 + 7$

$986 + 4$

$790 - 6$

$900 - 7$

$3 + 547$

$4 + 806$

$800 - 7$

$300 - 6$

$7 + 123$

$2 + 288$

$900 - 2$

$500 - 4$



ә)  $567 + 3$

$2 + 678$

$777 + 3$

$400 - 9$

$439 + 1$

$6 + 324$

$888 + 2$

$670 - 5$

$560 - 9$





$900 - 7$

$500 - 6$

$350 - 8$



4. Есептеу тәсілін түсіндір.



5. Есепті шығар. Кері есеп құрастыр.

Тәжірибелі метеоролог бір жылда 240 болжам, ал көмекшісі одан 115-ке кем болжам жасады. Олар жыл бойы бірге қанша болжам жасады?



6. Бірінші мысалдарды шығар. Олардың жауабын пайдаланып, келесі мысалдардың жауабын жылдам тап.

$(650 + 40) - 390$	$560 - (100 + 60)$	$(810 + 90) - 100$
$(660 + 40) - 390$	$560 - (100 + 40)$	$(810 + 60) - 100$
$(670 + 40) - 390$	$560 - (100 + 20)$	$(810 + 30) - 100$



7. Балалар күн райын бір апта бойы бақылады. Кестеге қарап, сұрақтарға жауап беріңдер.



	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
Жаңбыр	+	-	-	+	-	-	-
Жел	-	+	-	-	-	+	-

- Жел болған күндерді атаңдар.
- Жаңбыр жаумаған күндерді атаңдар.
- Жаңбыр да, жел де болмаған күндерді атаңдар.



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



5


Үш таңбалы сандарды ауызша қосу және азайту

Күн райының адам өміріне әсері



Сен үш таңбалы сандарды қосуды және азайтуды үйренесің.

1. Есепте.



2. Есептеу тәсілін түсіндір.



3. Есепте.

- |                                     |                                   |                                   |            |
|-------------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|------------|
| а) $490 + 60$                       | $510 - 40$                        | $1000 - 70$                       | $520 - 40$ |
| $460 + 80$                          | $910 - 50$                        | $360 + 80$                        | $960 - 40$ |
| ә) $286 + 7$                        | $852 - 9$                         | $564 + 6$                         | $345 - 8$  |
| б) $730 \text{ см} - 50 \text{ см}$ | $890 \text{ см} + 40 \text{ см}$  | $910 \text{ см} - 60 \text{ см}$  |            |
| $340 \text{ см} + 60 \text{ см}$    | $480 \text{ см} - 160 \text{ см}$ | $420 \text{ см} - 130 \text{ см}$ |            |

4. Есепті шығар.

Биыл күн райының қолайлы болуына байланысты астық мол шықты. Бірінші егіс алқабынан астық қоймасына 457 мәшине бидай, ал екінші егіс алқабынан бұған қарағанда 35 мәшине бидай кем жеткізілді. Қоймаға екі егіс алқабынан барлығы неше мәшине астық жеткізілді?



Есептің мәліметін өзгертіп, оны қайтадан шығарып көр.

5. Бір әріптен тұратын өрнектерді тауып оқы. Әріптердің орнына мәнін қойып, оларды есепте.

$$a \cdot 2$$

$$a + 800 - b$$

$$813 - b$$

$$a + 456$$

$$387 + a$$

$$(a + 8) + b$$

$$a = 9$$

$$b = 100$$

Сен мәні берілген бір әріптен тұратын өрнектің шешуін жаза аласың. Екі әріптен тұратын өрнектің мәнін тауып көр.

**Үлгі:**  $(a + 8) + b$

$$a = 9$$


$$b = 100$$

$$(9 + 8) + 100 = 117$$

6. Есеп бойынша өрнек құр. Оны шығар.

Жаңбырлы күні дүкенде 240 ерлер қолшатыры және одан 130-ы кем әйелдер қолшатыры сатылды. Барлығы қанша қолшатыр сатылды?

7. Әріптердің орнына бағандағы сандарды кезекпен қойып, өрнектер құрап жаз. Олардың мәнін тап.



8. Өрнектерді құрастырып жаз. Олардың мәнін тап.

- а) 120 мен 50 сандарының қосындысына 100-ді қос.
- ә) 306 санына 120 мен 60-тың айырмасын қос.
- б) 980 мен 500-дің айырмасынан 300-ді азайт.
- в) 500 санына 120 мен 80-нің айырмасын қос.






9. Есепті шығарыңдар.

а) Биылғы жылы жаңбырлы күн көп болды. Бұлтты күн одан 40 күнге артық, ал қалған күндер ашық болды. Биыл қанша күн ашық болды?

Есепте қандай мәлімет жетіспейді?



ә) Берілген диаграммаға қара. Диаграммада қандай күндер белгіленген? 1 торкөзді 10 күн деп есепте. Ашық, желді, бұлтты, жаңбырлы күн қанша?



- ашық күн
- желді
- бұлтты
- жаңбырлы



Диаграмма бойынша есеп құрастыр.

10. Дұрыстығын тексере отырып есепте.

$460 + 500$

$180 - 90$

$459 - 9$

$540 - 500$

$90 + 80$

$540 - 300$

$709 + 80$

$290 - 90$

$870 - 50$

$830 + 70$

$89 + 700$

$750 - 300$



11.  $\oplus$ ,  $\ominus$  таңбаларының тиістісін қойып жаз.

$270 \circ 30 \circ 70 = 170$

$270 \circ 30 \circ 70 = 370$

$270 \circ 30 \circ 70 = 230$

$270 \circ 30 \circ 70 = 310$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



6


1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау

Өсімдіктер әлемі



Сен толық мыңдықтармен танысасың.

1. а) Әр қораптан бір-бірден жүздікті, ондықты және бірлікті таңдап алып, үш таңбалы 6 сан құрастыр.



ә) Жазылған сандарда барлығы қанша жүздік, ондық, бірлік барын ата.

2. Кестеде жазылған сандарды оқы. Ондағы әр санның разрядтық қосылғыштарын ата.

Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер
5	0	6
	4	1
7	2	0
9	9	9

3. Мәтінді оқы. Онда қандай сандар бар? Қандай сандармен танысың, ал қайсысы саған таныс емес?



Қазақстанның өсімдіктер әлемінде ағаштың 68 түрі, бұталы өсімдіктердің 266 түрі, көпжылдық өсімдіктің 2 000-нан астам түрі және біржылдық өсімдіктің 849 түрі бар деп есептеледі.





Өте көп заттарды мыңдықтармен санайды. **Мыңдық** – жаңа санау бірлігі. Мыңдықтармен де бірліктер сияқты санайды.

$$10 \text{ бірлік мың} = 1 \text{ ондық мың} = 10\ 000$$

$$10 \text{ ондық мың} = 1 \text{ жүздік мың} = 100\ 000$$


$$10 \text{ жүздік мың} = 1 \text{ мыңдық мың} = 1 \text{ миллион} = 1\ 000\ 000$$



Мыңдықтар, он мыңдықтар және жүз мыңдықтар екінші класты немесе мыңдықтар класын құрайды.

4. Сандарды оқып, олардың моделін тап.

124 000



42 000



342 000

24 000

Көп таңбалы сандарды солдан оңға қарай кластар атауымен оқиды. *Бірліктер* класы мен барлық цифры нөл болған *кластың* атауы айтылмайды.  
Мысалы: 4 000 – төрт мың, 25 000 – жиырма бес мың.



Көп таңбалы сандарды дұрыс оқу үшін оларды 3 разрядтан кластарға бөліп алады. Ол үшін оң жағынан 3 цифрдан бөліп алады. Мысалы: 656 000 – алты жүз елу алты *мың* (бірліктер класының атауы айтылмайды).



5. Бір таңбалы санның оң жағына нөлді жаз (екі нөл, үш нөл, төрт нөл, бес нөл). Қандай сандар пайда болды?

6. Сандарды оқы.

Классар	Миллиондар			Мыңдықтар			Бірліктер		
	3-класс			2-класс			1-класс		
Разрядтар	жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.	жүзд.	онд.	бірл.
	9-шы	8-ші	7-ші	6-шы	5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
Сандар						6	0	0	0
					5	6	0	0	0
				4	5	6	0	0	0
			1	0	0	0	0	0	0

Миллион – бұл мың мыңдық. Ол 1 саны және алты нөлмен жазылады: 1 000 000. Миллион – миллиондар класының бірлігі. **Миллион** – жаңа санау бірлігі.



Көп таңбалы сандарды жоғары разрядтан бастап салыстырады.

Мыңдықтар класы



15 000 \* 9 000      33 000 \* 101 000      650 000 \* 65 000



7. Үлгі бойынша сандар моделін дайында.

а) 35 000      205 000

ә) 5 000      235 000



8. Арифметикалық амалдардың тиістісін қой (+, -).

$(380 \ominus 120) \ominus 160 = 100$        $(380 \ominus 120) \ominus 160 = 420$   
 $(380 \ominus 120) \ominus 160 = 340$        $(380 \ominus 120) \ominus 160 = 660$



9. Есепті шығар.

Қазақстанның Қызыл кітабында өсімдіктің 370 түрі тіркелген, ал саңырауқұлақтың бұдан 360 түрі кем. Сонда Қызыл кітапқа барлығы қанша өсімдік пен саңырауқұлақтың түрлері тіркелген? Қызыл кітапқа тағы не енгенін анықта.



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



**7 1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау. Сандар тізбегі**

**Өсімдіктер әлемі**



**Сен миллионға дейін мыңдықтармен санауды, жазуды және салыстыруды білетін боласың.**

1. а) Бірліктер класында қанша разряд бар? Оларды ата. Мыңдықтар класында қанша разряд бар? Оларды ата. Кестедегі сандарды оқы.

Класстар	Мыңдықтар			Бірліктер		
	2-класс			1-класс		
Разрядтар	Жүз мыңдықтар	Он мыңдықтар	Бір мыңдықтар	Жүзд.	Онд.	Бірл.
	6-шы	5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
Сандар						1
					2	1
				3	2	1
			4	0	0	0
		5	4	0	0	0
	6	5	4	0	0	0

ә) Сандарды оқы. Кез келген екі санды таңда. Оларды жаз және салыстыр. Қорытынды жаса.

25 000                      458 000                      2 000                      44 000  
 902 000                      563 000                      77 000                      1 000 000

б) Мына сандарды жаз: 6 он мыңдық 105 бірлік; 3 жүз мыңдық; 5 мыңдық; 45 мыңдық; 505 бірлік.


в) Осы сандар тізбегін өсу ретіне қарай жаз.

2. Мәтінді оқы. Ондағы сандарды кему ретімен жаз.



Жер бетіндегі өсімдіктер тізімі бір миллионнан астам атаудан тұрады. Ғылыми атау ретінде үш жүз мыңы таңдап алынған, тағы төрт жүз сексен мыңы қосымша болып табылады.

3. Дәптеріңе сан сәулесін сыз. Санды сәулеге белгіле де, әр теңсіздіктің шешімдер жиынынан 5 мәннен жаз.



4. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.

$359 \text{ см} = \square \text{ м } \square \text{ дм } \square \text{ см}$

$5 \text{ м } 6 \text{ дм } 8 \text{ см} = \square \text{ см}$

$98 \text{ см} = \square \text{ дм } \square \text{ см}$

$9 \text{ м } 7 \text{ дм} = \square \text{ см}$

$105 \text{ см} = \square \text{ м } \square \text{ см}$

$7 \text{ м } 5 \text{ дм} = \square \text{ дм}$

5. Есептерді шығар.

а) Саябаққа әр қатарға 4 бұтадан 8 қатар қызыл раушангүл және 23 бұта ақ раушангүл отырғызылды. Саябаққа барлығы қанша раушангүл отырғызылды?

ә) Саябаққа отырғызу үшін 179 жалпақ жапырақты және 186 қылқан жапырақты ағаш көшеттері әкелінді. Егер әлі отырғызылмаған 145 көшет бар болса, саябаққа қанша ағаш отырғызылған?

6. Теңдеулерді шеш.

$a - 80 = 320 + 350$

$x + 120 = 900 - 540$

$590 - x = 110 + 260$

$480 + b = 960 - 150$



7. Көрсетілген қосындының мәні шығатындай үш санды таңда.

<b>100</b>	<b>990</b>	<b>660</b>



8. Далада өсетін қалампыр, шашыратқы, ақ тұңғиық гүлдері сағат 5-те, 8-де, 9-да ашылады. Ақ тұңғиық гүлі сағат 8-де, ал қалампыр гүлі одан 1 сағат кейін ашылады. Қалампыр гүлі нешеде ашылады? Шашыратқы гүлі сағат нешеде ашылады?



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



8

Көптаңбалы сандардың моделі. Сандар тізбегі

Жануарлар әлемі



Сен көптаңбалы сандарды оқуды, жазуды және салыстыруды үйренесің.

1. Кестедегі сандарды оқы.

Кластар	Мыңдықтар			Бірліктер		
	2-класс			1-класс		
Разрядтар	Жүз мыңдықтар	Он мыңдықтар	Бір мыңдықтар	Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер
	<i>6-шы</i>	<i>5-ші</i>	<i>4-ші</i>	<i>3-ші</i>	<i>2-ші</i>	<i>1-ші</i>
Сандар			5	0	0	0
		4	5	0	0	0
	3	4	5	0	0	0
	3	0	0	0	0	0
	2	0	5	0	0	0
	6	7	0	0	0	0



Разрядтардағы цифрлар берілген санды алу үшін қанша бірлік, ондық, жүздік, мыңдық, он мыңдық, жүз мыңдықтарды қосу керектігін көрсетеді.



Разрядтық қосылғыштардың қосындысы:  
 $371\ 000 = 300\ 000 + 70\ 000 + 1\ 000.$

2. Оқы, түсіндір, есепте.

$300\ 000 + 70\ 000 = 370\ 000$

$300\ 000 + 200\ 000$

$350\ 000 + 210\ 000$

$18\ 000 + 9\ 000$

$300\ 000 + 453\ 000$

$600\ 000 + 95\ 000 + 200$

$450\ 000 + 20\ 000 + 5\ 000$

$15\ 000 + 4\ 000 + 300 + 5$

$800\ 000 + 10\ 000 + 400$

$60\ 000 + 7\ 000 + 80$



3. Сандардың моделін үлгі бойынша салып көрсет.

530

530 000

345

345 000

203

203 000



Ө.ж.

4. Салыстыр. Тура теңдікті дәптеріңе жаз.

$52\ 000 * 5\ 200$

$32\ 000 * 32\ 000$

$302\ 000 * 300\ 000$

5. Сандарды разрядтық қосылғыштарға жікте.

$470\ 000 = \square + \square$

$953\ 000 = \square + \square + \square$

6. Мәтінді оқы. Санды деректерді пайдаланып, теңсіздіктер құрастыр.

Солтүстік Қазақстанның орманды даласында бұғы, елік, ақ қояндар кездеседі. Ғалымдар оларды бір апта бойы бақылап, 120 бұғы, 230 елік және 310 ақ қоянды тіркеді.



Сұрақ қой. Есеп құрастырып, оны шығар.

7. Қима қағаздағы өрнектерді пайдаланып, теңсіздіктер құр және жаз.

$4 \cdot 8$

$7 \cdot 4$

$5 \cdot 4$

$9 \cdot 4$

$9 \cdot 2$

$12 : 2$

$12 : 3$

$18 : 9$



8. Сенің алдында үш жұмбақ хат тұр. Оларды көшіріп жазу кезінде әрқайсысынан сандар жоғалып кеткен. Әр хаттағы сандардың орналасу заңдылығын тауып, жоғалған сандарды ата.

2, 4, 6,  $\square$ , 10

360, 320,  $\square$ , 240, 200

$\square$ , 222, 333, 444



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.





## 9 Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері

### Жергілікті жердің жер бедері



Сен үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдануды үйренесің.

1. Әр қораптан кез келген санды таңдап, үш таңбалы сандар құрастыр. Оларды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жаз.



2. Баған түрінде амалдың қалай есептелгенін қарастыр. Қосу және азайту алгоритмін түсіндір.

Баған түрінде қосу және азайту алгоритмі

$$\begin{array}{r} 432 \\ + 245 \\ \hline 677 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 677 \\ - 432 \\ \hline 245 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 432 \\ + 245 \\ \hline 677 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 682 \\ - 245 \\ \hline 437 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 472 \\ + 245 \\ \hline 717 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 547 \\ - 256 \\ \hline 291 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 475 \\ + 245 \\ \hline 720 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 504 \\ - 256 \\ \hline 248 \end{array}$$

Әр жағдайдағы алгоритмді толықтырып айт. Айырмашылықтары неде?



... жазамын.  
Бірліктерді қосамын...  
Ондықтарды қосамын...  
Жүздіктерді қосамын...  
Жауабын оқимын...



... жазамын.  
Бірліктерді азайтамын...  
Ондықтарды азайтамын...  
Жүздіктерді азайтамын...  
Жауабын оқимын...

## 3. Түсіндіре отырып есепте. Тексеру жүргіз.

$$\begin{array}{r} 123 + 450 \\ 987 - 234 \\ 678 - 45 \\ 167 + 462 \end{array} \quad \begin{array}{r} 278 + 287 \\ 366 + 555 \\ 475 + 347 \\ 515 - 346 \end{array} \quad \begin{array}{r} 522 + 376 \\ 689 - 231 \\ 345 - 201 \\ 987 - 679 \end{array}$$



Тура теңдік шығатындай бос орындарға үш таңбалы сандар жаз.

$$\square + \square + \square = 1\,000$$

$$\square + \square + \square = 800$$



Шамаларды қосу немесе азайту үшін алдымен оларды бірдей өлшем бірліктеріне түрлендіріп ал. Содан кейін есептеуді орында.

*Мысалы:* 3 м 4 дм 4 см + 35 дм = 344 см + 350 см = 694 см



Есептеудің қалай жазылғанына қара.


## 4. Есепте.

$$2\text{ м } 34\text{ см} + 5\text{ м } 11\text{ см}$$

$$3\text{ м } 5\text{ дм } 9\text{ см} - 1\text{ м } 4\text{ дм } 4\text{ см}$$

$$2\text{ м } 3\text{ дм } 4\text{ см} + 1\text{ м } 4\text{ дм } 4\text{ см}$$

$$67\text{ дм } 5\text{ см} - 3\text{ м } 2\text{ см}$$

$$45\text{ дм} + 3\text{ м } 3\text{ см}$$

$$6\text{ м } 9\text{ дм } 7\text{ см} - 2\text{ м } 45\text{ см}$$

## 5. Есепті шығар.

Бірінші төбенің биіктігі 245 метр, екінші төбенің биіктігі одан 136 метрге биік. Үшінші төбе екінші төбеден 172 метрге биік. Үшінші төбенің биіктігін тап.



Үш таңбалы сандар таңдап, есепте берілген мәліметтерді өзгерт. Оны қайта шығар.



6. Баған түрінде есепте.

$$458 + 167$$

$$275 + 146$$

$$522 - 245$$

$$954 - 486$$

$$721 - 549$$

$$658 + 173$$

$$991 - 777$$

$$768 - 689$$

$$666 - 297$$



7. Егер оқушы өрнектердің мәнін амалдар бойынша есептеген болса, онда оның қандай өрнектің мәнін тапқанын анықта.

а)

1)  $24 : 6 = 4$

2)  $320 + 4 = \square$

ә)

1)  $4 \cdot 5 = \square$

2)  $3 \cdot 9 = \square$

3)  $\square + 27 = \square$

б)


1)  $22 + 18 = \square$

2)  $40 : 8 = \square$

3)  $\square + 123 = \square$



8. Саяхатшы таудағы барлық соқпақ жолмен жүріп өтті. Егер бір жолмен екі қайтара жүрмеген болса, онда ол барлығы қанша метр жол жүргенін анықта.



Сурет бойынша сұрақтар ойластырып, оны досыңа қой.



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



## 10 Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері

### Жергілікті жердің жер бедері



Сен үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдanasың.



1. Берілген өрнектерді қандай топтарға бөлуге болады?

$$(x + 65) : a$$

$$965 - 452$$

$$a + 456$$

$$124 + 68 + 45$$

$$(56 + 654) - 451$$

$$5 \cdot (c - d)$$

$$12 : 3$$

$$2 \cdot 5$$

$$c - d + a$$

$$d - 456$$

Бір бағанға санды өрнектерді, ал екіншісіне әріпті өрнектерді жаз. Санды өрнектердің мәнін тап.

Әріпті өрнек

2. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.

$$246 \text{ см} = \square \text{ м } \square \text{ дм } \square \text{ см}$$

$$4 \text{ м } 3 \text{ дм } 7 \text{ см} = \square \text{ см}$$

$$72 \text{ см} = \square \text{ дм } \square \text{ см}$$

$$8 \text{ м } 6 \text{ дм} = \square \text{ см}$$

$$204 \text{ см} = \square \text{ м } \square \text{ см}$$

$$5 \text{ м } 7 \text{ дм} = \square \text{ дм}$$

$$2 \text{ дм } 4 \text{ см} = \square \text{ см}$$

$$5 \text{ дм } 8 \text{ см} = \square \text{ см}$$

3. Өрнектер құрастырып жаз. Олардың мәнін тап.

а) 23 пен 3-тің қосындысын 430 санынан азайт.

ә) 250 санына 360 пен 60-тың айырмасын қос.

б) 300 бен 320-ның қосындысына 250-ді қос.

в) 420 000 мен 30 000-ның қосындысынан 200 000-ды азайт.

г) 700 000 мен 230 000-ның айырмасына 40 000-ды қос.

Ө.ж.

4. Есепте.

а)  $39 + 2$        $64 - 7$        $60 + 23$        $50 - 21$   
 $390 + 20$        $640 - 70$        $560 + 23$        $750 - 21$

ә)  $560 \text{ см} + 23 \text{ см}$        $750 \text{ см} - 21 \text{ см}$        $390 \text{ см} + 20 \text{ см}$   
 $560 \text{ см} + 230 \text{ см}$        $750 \text{ см} - 210 \text{ см}$        $390 \text{ см} + 200 \text{ см}$

5. а) Есептің берілуі бойынша өрнек құр.

Сырым өзенмен 129 м, ал Санжар 195 м жүзді. Санжар Сырымнан қанша метр алысқа жүзді?

ә) Өрнектерді берілген мәндері бойынша есепте.

$a = 187$        $b = 234$        $c = 328$

$a + 467 + b$        $1000 - (b + c)$

6. Берілген сандарды бос орынға кезекпен қойып, өрнектер жаз.

$458 + \square + 126$

64	122	52	134	4
----	-----	----	-----	---



Тиімді есептеу тәсілі шығу үшін тағы қандай сандар қоюға болады?



7. Егер оқушы өрнектердің мәнін амалдар бойынша есептеген болса, онда ол қандай өрнектің мәнін тапқанын анықта.

а)  $\square ? \square$

1)  $15 + 12 = 27$

2)  $27 : 9 = 3$

ә)  $\square ? \square$

1)  $5 \cdot 8 = 40$

2)  $3 \cdot 8 = 24$

3)  $40 - 24 = 16$

б)  $\square ? \square$

1)  $45 + 9 = 54$

2)  $28 : 7 = 4$

3)  $54 + 4 = 58$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



# 11 Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері

## Жергілікті жердің жер бедері




Сен үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолданасың.

1. Мәтінді оқы.

Егер қыраттың салыстырмалы түрдегі биіктігі 200 метрден асса, жақсы айқындалған баурайы мен етегі болса, онда ол тау деп есептеледі. Тауларды биіктігіне қарай аласа, орташа және биік деп ажыратады. Аласа таулардың биіктігі 1 000 м-ге дейін барады.

Мысалы, Қазақстандағы аласа таулар: Мұғалжар (Үлкен Бақтыбай, 657 м), Маңғыстау таулары (Бесшоқы, 556 м).



Мәтінде саған қандай сандар кездесті? Оларды кему ретімен ата. Әрбір санда неше жүздік бар?

2. Есептеудің қалай орындалғанына қара.

а) **Жазамын...**

	1	1		
+	2	7	3	
	7	2	7	
	1	0	0	0

**Бірліктерді қосамын:**  $3 + 7 = 10$  – бұл 1 ондық және 0 бірлік. 0-ді жазамын, ал 1 ондықты есте сақтаймын.

**Ондықтарды қосамын:** 7 онд. + 2 онд. + 1 онд. = 10 онд. – бұл 1 жүздік және 0 ондық. 0-ді жазамын, ал 1 жүздікті есте сақтаймын.

**Жүздіктерді қосамын:** 2 жүзд. + 7 жүзд. + 1 жүзд. = 10 жүзд. = 1 мыңдық. Мұны жүздіктің сол жағына жазамын.

**Жауабын оқимын:** қосындының мәні 1 000-ға тең.

ә)

		9	9	10
1	0	0	0	
	7	2	7	
	2	7	3	

**Жазамын...**

**Бірліктерді азайтамын:** 0-ден 7-ні азайтуға болмайды. 1 000 санында ондығы, жүздігі жоқ, 1 мыңдықты аламын. 1 мың = 9 жүзд. + 9 онд. + 10 бірл.  $10 - 7 = 3$

**Ондықтарды азайтамын:** 9 онд. - 2 онд. = 7 онд.

**Жүздіктерді азайтамын:** 9 жүзд. - 7 жүзд. = 2 жүзд.

**Жауабын оқимын:** азайтудың мәні 273-ке тең.



3. Есептеп, досың екеуің бір-біріңді тексер.

$345 + 655$	$1000 - 645$	$802 + 198$
$782 + 218$	$1000 - 367$	$933 - 399$
$666 + 334$	$1000 - 443$	$1000 - 888$



4. Кесте бойынша өрнектер құрып, олардың мәнін табыңдар.

Қосылғыш	$70 + 30$	$200 + 200$	$192 - 6$
Қосылғыш	60	$360 - 80$	250
Қосындының мәні			

5. Ғалымдар Балқаш көлінің түбін зерттеді. Бірінші күні олар көлдің 276 метрін, ал екінші күні одан 185 м артық зерттеді. Олар екі күнде көлдің қанша метрін зерттеді?

6. Қай сан қалдырылған?

· 5

	20
	15
8	
	35

: 3

	2
27	
	5
9	

: 4

24	
	8
36	
	7

· 2

5	
	14
9	
	12



7. Амалдарды орындау тәртібін анықта. Есепте.

$(540 - 80) + (930 - 820)$

$320 + (860 - 660) + 120$

$(650 + 350) - (450 + 50)$

$1000 - (210 - 110) + 30$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.




# 12 Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмі

## Өсімдіктер әлемі




Сен 1000 көлеміндегі сандарды баған түрінде қосуды және азайтуды білетін боласың.


1. Сандарды оқы. Оларда қанша жүздік, ондық, бірлік бар? Сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жаз.



а)



ә)



б)

2. Қалай есептелгенін түсіндір. Есептеу тиімді болу үшін мыңдықтарды жүздіктерге, ондықтарға және бірліктерге қалай жіктеуге болады?

Мыңдықтар	Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер
	7	5	7
+	2	4	3
1	0	0	0

Мыңдықтар	Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер
	1	0	0
-	2	4	3
	7	5	7

Ө.ж.

3. Мысалдардың бір қатарын таңда. Есепте.

$582 + 418$

$715 + 285$

$519 + 481$

$245 + 693$

$239 + 377$

$755 - 564$

$1000 - 826$

$1000 - 721$


$1000 - 173$



Ө.ж.

4. Есепті шығар.

Көгөніс сататын дүкенде 455 кг сәбіз және 129 кг қызанақ болған еді. Көгөністердің біразы сатылғаннан кейін, онда тағы 245 кг көгөніс қалды. Қанша килограмм көгөніс сатылды?



5. Сандар қатарының орналасу заңдылығын тауып, оларды жалғастыр. Келесі үш санды ата.

254	250	246			
999	888	777			
500	450	400			



Заңдылыққа сәйкес әрбір келесі сан қалай пайда болады?  
Қорытынды: әрбір келесі сан қандай да бір арифметикалық амалды орындау арқылы шығады.

Сандар қатарын қалай шығаруға болады?

1-қадам. Қатар тұрған екі санның айырмасын білу:

$$254 - 250 = 4.$$

2-қадам. Қатардың құрылу заңдылығын анықтау: әрбір келесі сан алдыңғы саннан 4-ке кем.

3-қадам. Осы заңдылықтың басқа сандар қатарында орындалуын тексеру:  $250 - 246 = 4$ . Заңдылық расталды.

4-қадам. Осы заңдылықты пайдаланып, қатардың келесі санын анықтау:  $246 - 4 = 242$  – келесі сан.



Өзің сандар қатарын құр. Досыңнан заңдылықты анықтауын сұра.



6. Есептерді шығар.

а) Қала саябағында 230 терек өсіп тұр, ал қараағаш одан 125-ке артық. Қала саябағында барлығы қанша ағаш өсіп тұр?

ә) Жер теліміне 132 түп таңқурай, одан 50 түп кем қарақат, ал қарақатқа қарағанда 54 түп қарлыған артық отырғызылды. Жер теліміне қанша түп қарлыған отырғызылды?

- б) Үйеңкінің биіктігі – 70 дм, қараағаш – 120 дм, терек – 200 дм.  
 Үйеңкі теректен неше дециметр аласа?  
 Қараағаш үйеңкіден неше дециметр биік?  
 Терек қараағаштан неше дециметр биік?



7. «Үй тұрғызу». Өрнектерді дәптеріңе баған түрінде жаз.

**Құрылыс жоспары**

Үйлердің шатырындағы цифрлардан ең үлкен және ең кіші үш таңбалы сандар құрастыр. Олардың айырмасын тап.



8. а) Баған түрінде жаз және есепте.

$$354 + 247$$

$$455 + 545$$

$$1000 - 414$$

$$895 - 325$$

$$647 - 239$$

$$785 + 125$$

ә) Түсіндіре отырып есепте. Дұрыстығын тексер.

$$325 + 168$$

$$900 - 214$$

$$138 + 678$$

$$729 + 235$$

$$975 - 135$$

$$810 - 217$$

9. Есепті шығар.

Алматы қорығында өсімдіктің 970 түрі бар, ал Батыс Алтай қорығында өсімдіктің түрі одан 87-ге кем. Батыс Алтай қорығына қарағанда «Бурабай» ұлттық мемлекеттік табиғи саябағында өсімдіктің 126 түрі кем. «Бурабай» табиғи саябағында өсімдіктің қанша түрі өседі?

10. Ауызша есепте.

$$5\ 000 + 45\ 000$$

$$78\ 000 + 12\ 000$$

$$77\ 000 - 21\ 000$$

$$20\ 000 + 10\ 000$$

$$900\ 000 - 600\ 000$$

$$58\ 000 - 45\ 000$$

$$125\ 000 - 20\ 000$$

$$290\ 000 + 310\ 000$$

$$45\ 000 - 11\ 000$$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.




**Құстар**



Сен көптаңбалы сандарды жазуды, оқуды және салыстыруды білетін боласың.

1. Суретке қара. Егер әр құс осы разрядтың бірлігінің санын көрсететін болса, қандай сан шығады? Жаз. Өртүрлі геометриялық фигуралардың көмегімен өз моделінді ойластыр.



2. а) Сандар қатарының құрылу заңдылығын тап және сандар қатарын жалғастыр. Келесі үш санды ата.

20	22	25	29		
810	710	610			
515	525	535			





ә) Мына сандар қатары қалай құрылған?

9 90 900 9 000 90 000 900 000

Осыған ұқсас кез келген сандар қатарын өзің құрастырып жаз.

3. Сызба бойынша есеп құрастырып, оны шығар.



Ө.ж.

4. Баған түрінде жаз және есепте. Дұрыстығын тексер.

$456 + 138$	$927 - 453$	$233 + 471$	$506 - 444$
$475 + 347$	$700 - 456$	$675 + 294$	$780 - 611$

5. Қыста қала саябағында балалар көгершіндерге жем береді. 230 құс ұшып кеткеннен соң, онда 650 құс қалды. Алғашында саябақта барлығы қанша құс болған?



6. Орнитолог – құстарды зерттейтін ғалым. Ғалымдар құстарды зерттеу мақсатында олардың аяғына жазулары бар сақина кигізеді. Биыл 345 құсты сақиналады, бұл өткен жылғыдан 215-ке артық. Екі жылда ғалымдар барлығы неше құсты сақиналады?



7. Өрнекті өртүрлі оқы.

$420 - (350 - 50)$      $(360 - 290) + 420$      $700 - (190 + 210)$

«Саннан қосындының мәнін азайтамыз» деп қай өрнекті оқуға болады?

8. Тиімді тәсілмен есепте.

$250 + 170 + 150$	$580 + 240 + 120$	$560 + 230 + 170$
$360 + 270 + 340$	$390 + 250 + 110$	$270 + 180 + 50$



9. Тазқара бүркіттен үлкен, ал бүркіт сұңқардан үлкен. Осы құстардың ең кішісі қайсысы?



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



## Табиғатты қорғау



Сен өрнектерді құрастырасың және оқисың, олардың мәнін табасың.

## 1. Мәтінді оқы.

Батыс Алтай қорығының жануарлар әлемі балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар және сүтқоректілерімен әйгілі. Қорықта құстардың 191 түрі бар. Олардың ішінде: ақсары ителгі, кәдімгі ақсары, қара құр, балшықшы, тоқылдақ және көкектер бар.



Балшықшы



Құр



Көкек



Ителгі

Теңсіздікті оқы:  $x < 191$ . Сан сәулесін дәптеріңе сыз. Берілген санды сәуледен белгілеп көрсет. Шешімдер жиынын штрихпен белгіле. Шешімдер жиынына жататын он санды жаз.

Ө.ж.

## 2. Өрнектерді жазып, олардың мәнін тап.

220 мен 320 сандарының қосындысын 420 санына арттыр.

700 бен 180 сандарының қосындысынан 480 санын азайт.

640 пен 220 сандарының айырмасын 530 бен 30 сандарының қосындысына арттыр.

800 санынан 680 мен 220 сандарының айырмасын кеміт.

## 3. Өрнекті баған түрінде жаз және есепте.

$$459 + 238$$

$$781 - 649$$

$$579 + 209$$

$$900 - 317$$

$$401 - 345$$

$$198 + 745$$

4. Есептемей салыстыр.

$$310 + 250 * 310 + 360$$

$$400 - 180 * 600 - 180$$

$$620 + 250 * 250 + 260$$

$$700 - 280 * 600 - 180$$



5. Кесте бойынша өрнектер құрастырып жаз. Олардың мәнін тап.

Қосылғыш	$9 \cdot 4$	$6 \cdot 5$	$32 : 4$
Қосылғыш	600	185	$6 \cdot 5$
Қосындының мәні			

Азайғыш	900	500	$82 + 18$
Азайтқыш	$4 \cdot 7$	$3 \cdot 9$	$2 \cdot 8$
Айырманың мәні			



6. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер. Есептер құрастыр.

«Барсакелмес» қорығы Қызылорда облысы, Арал ауданында орналасқан. Қорықта өсімдіктердің 278 түрі бар.

«Наурызым» қорығы Қостанай облысы, Наурызым және Әуликөл аудандарында орналасқан. Қорықтағы өсімдік түрлерінің саны «Барсакелмес» қорығындағы өсімдіктерден 409-ға артық.

«Наурызым» қорығында өсімдіктердің қанша түрі бар?  
Екі қорықта барлығы қанша өсімдіктің түрі бар?

7. Кесте бойынша теңдеу құрып, оны шеш.

Қосылғыш	320		780
Қосылғыш		87	
Қосындының мәні	650	587	800

Азайғыш	840		350
Азайтқыш		330	
Айырманың мәні	310	560	50

8. Сандар қатарының заңдылығын тауып, оны жалғастыр. Келесі үш санды ата.

202	303	404			
110	220	330			

9. Санды өрнектер құрып, олардың мәнін тап.

а) 320 000 мен 120 000 сандарының қосындысына 540 000 санын қос.


ә) 600 000 мен 120 000 сандарының қосындысынан 420 000 санын азайт.

б) 540 000 мен 120 000 сандарының айырмасын 420 000 мен 20 000 сандарының қосындысына арттыр.

в) 900 000 санынан 580 000 мен 120 000 сандарының айырмасын азайт.



Құрастырылған өрнектердің қайсысы сызбаларға сәйкес келеді? Оны толтырып жаз.



10. Санды өрнектің мәндері бойынша кестедегі сөйлемді тап.

$240 - 217 = \square$

$727 - 713 = \square$

$230 - 229 = \square$

$248 - 230 = \square$

$226 - 223 = \square$

$349 - 328 = \square$

$338 - 327 = \square$

$679 - 673 = \square$

$448 - 442 = \square$

$425 - 424 = \square$

$900 - 899 = \square$

$568 - 544 = \square$

$900 - 877 = \square$

$757 - 734 = \square$

$586 - 554 = \square$

А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Е	Ж	З	И	Й
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

К	Қ	Л	М	Н	О	Ө	П	Р	С	Т	У
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

Ұ	Ү	Ф	Х	Ц	Ч	Ш	Ы	І	Э	Ю	Я
25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



15

## Өзінді тексер!

Мен өзімнің жетістіктерімді тексеремін.

**БІЛУ**

Үш таңбалы сандар мен толық мыңдықтарды жазуды және салыстыруды білемін.

Мәтінде кездескен сандарды өсу реті бойынша жаз.

«Наурызым» мемлекеттік табиғат қорығында құстардың екі жүз сексен екі түрі өмір сүреді. Жыл сайын наурыз айының соңында қорықта бес мыңнан астам құзғын қарғалар ұшып келеді. Қорықта үнемі зерттеулер жүргізіліп отырады. Осы жылы қорыққа екі жүз қырық үш ғалым мен бес жүз отыз тоғыз студент келді. Соңғы бес жылда тоғыз мыңнан астам мектеп оқушылары экскурсия жасады.

**ТҮСІНУ**

Қарапайым теңсіздіктің шешімдер жиынын табуды түсіндім.

Санды сан сәулесінде белгіле.

Шешімдер жиынын қиғаш сызықпен көрсет. Шешімдер жиынына жататын 5 санды жаз.

$$x > 212$$

$$x < 192$$

**ҚОЛДАНУ**

Сандарды ауызша қосып, азайтамын. Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмін қолдана аламын.

Ауызша есептеп, дұрыстығын тексер.

$$358 - 258$$

$$250 - 50$$

$$150 + 40$$

$$98 + 102$$

Баған бойынша есептеп, дұрыстығын тексер.

$$900 - 568$$

$$1000 - 649$$

$$259 + 456$$

$$551 + 264$$



### ТАЛДАУ

Сандар қатарындағы заңдылықты таба аламын.

Заңдылықты анықта. Қатардағы сандарды ары қарай жалғастырып жаз.

303	340	377			
560	520	480			

### ЖИНАҚТАУ

Екі әріптен тұратын санды өрнек құрастыра аламын және берілген мәндері бойынша өрнектің мәнін таба аламын.

Берілген сызба бойынша әріпті өрнек құр.

$$\square + (\square - 118)$$

Екі әріптен тұратын санды өрнектің мәнін берілген мәндері бойынша тап.

$$a = 425, 128, 119$$

$$b = 315, 245, 123$$

### БАҒАЛАУ

Жақшамен берілген өрнектерді оқу және жазу кезінде қосу және азайту компоненттерінің атауын дұрыс қолданамын.

Әлия өрнек пен оның жазылуын дұрыс сәйкестендірді ме? Тексер. Қателерін түзе.

Қосындыға айырманы қосу.

$$(250 + 250) + (900 - 400)$$

Саннан қосындыны азайту.

$$200 + (840 - 140)$$

Сандардың айырмасын санға қосу.

$$900 - (120 + 200)$$

## 1В. КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ

16

Көбейту және бөлу амалдарын орындаудағы  
1 санының қасиеті

## Жазушылар шығармаларындағы Қазақстан табиғаты



Сен 1-ге көбейтуді және бөлуді үйренесің.

1. Өзара байланысты өрнектерді дұрыс тапсаң, шығарманың авторы мен оның қалай аталатынын білесің.



$$b \cdot a = c$$

Мұқанов

$$15 : 3$$

Түйелер

$$3 \cdot 5$$

Геннадий

$$15 : 5$$

биі



$$c : b = a$$

дала

$$c : a = b$$

Туған

$$5 \cdot 3$$

Снегирёв

$$a \cdot b = c$$

Сәбит



2. а) Есепте. Қорытынды жаса.



$$1 \cdot 5 = 1 + 1 + 1 + 1 + 1 = \square$$

$$1 \cdot 3 = 1 + 1 + 1 = \square$$

$$1 \cdot a = a$$

ә) Көбейтуге өзара байланысты екі теңдік және бөлуге екі теңдік құрастыр. Қорытынды жаса.

$$1 \cdot 5 = \square$$

$$1 \cdot 4 = \square$$

$$5 \cdot 1 = \square$$

$$4 \cdot 1 = \square$$

$$5 : 1 = \square$$

$$\square : 1 = \square$$

$$5 : 5 = \square$$

$$\square : 4 = \square$$

$$a \cdot 1 = a$$

$$a : 1 = a$$

$$a : a = 1$$



Көбейткіштердің біреуі 1-ге тең болса, онда көбейтіндінің мәні екінші көбейткішке тең болады.



Егер санды сол санның өзіне бөлсе, онда 1 шығады.

3. Ауызша түсіндіре отырып есепте.

$1 \cdot 6$

$15 \cdot 1$

$9 : 9$

$1 \cdot 78$

$35 \cdot 1$

$15 : 15$

$28 : 28$

$40 \cdot 1$



4. С. Бабенконың «Түйетас» әңгімесінде қандай ауылдар туралы айтылады? 1 санына көбейтуден тұратын өрнектерді тапсаң, жауабын білесің.

$1 \cdot 5$

Амансай

$1 \cdot 3$

Қызылсай

$6 + 3$

Боралдай

$9 \cdot 1$

Түйетас

$3 + 5$

Қаратал

$8 \cdot 1$

Бурабай

$4 \cdot 2$

Ақсай

$9 : 9$

Балқаш

5. Есептерді шығар.

а) Оқушылар М. Әлімбаевтың «Қолғанаттар» деген өлеңін жаттады. Бір өлеңді жаттау үшін Алан 15 минут, Сәкен одан 9 минут артық уақыт жұмсады. Санжар Сәкенге қарағанда 3 минут уақыт кем жұмсады. Санжар өлеңді қанша минутта жаттады?

ә) Табиғат туралы өлеңді мәнерлеп оқу жарысына 1 000 оқушыдан сұраныс түсті. 209-ы – үшінші сынып, 358-і – екінші сынып, ал қалғаны – төртінші сынып оқушылары. Төртінші сынып оқушыларынан түскен сұраныс саны қанша?

б) Жарыста әрбір қатысушыға 5 минут уақыт берілді. 9 қатысушыны тыңдау үшін қанша минут уақыт қажет?

в) Оқушылар «Қазақстанның табиғаты» атты көрмеге арнап сурет салды. 120 – өзеннің, 245 – таудың, 198 жануардың суреті салынды. Оқушылар көрмеге қою үшін барлығы қанша сурет салды?

Өрнектердегі амалдардың орындалу ретінің ережесін есіңе түсір.



1. Алдымен жақшаның ішіндегі амалдарды орында.
2. Содан соң  $\cdot$  немесе  $:$  амалын ретімен орында.
3. Одан кейін  $+$  немесе  $-$  амалын ретімен орында.



6. Амалдардың орындалу ретін анықтап, өрнектің мәнін тап.

а)  $37 + 12 : 6$      $27 + 6 - 3$      $12 : 6 \cdot 3$      $(6 + 10) : 2 + 5$   
 $5 \cdot 2 + 4 : 2$      $54 - 14 - 7$      $18 : 9 \cdot 5$      $50 + (98 - 90) \cdot 2$   
 $450 + 6 : 1$      $540 - 40 \cdot 1$      $8 \cdot 1 : 4$      $850 - (1 \cdot 6 + 12)$



ө) Ілияс өрнектегі амалдардың орындалу ретін көрсетті. Ол дұрыс көрсетті ме? Қатесі болса түзет және есепте.

3	7	0	+	1	2	:	4	+	7				
(	6	8	-	5	0	:	3	+	5	0	6		
8	5	0	-	(	2	4	:	3	+	2	3	2	)



7. Тиімді тәсілмен есепте.

$11 + 22 + 33 + 44 + 66 + 77 + 88 + 99$   
 $(350 + 105 + 250) - (111 + 28 + 459)$   
 $(450 + 20 + 50) + (450 - 20 - 50)$   
 $(45 + 12 + 95) - (91 + 42 + 19)$



8. Теңдік тура болатындай жақшалар қойып жаз.

$3 + 5 \cdot 4 = 32$                        $3 + 5 \cdot 4 - 2 = 30$                        $5 - 4 \cdot 1 = 1$   
 $3 + 5 \cdot 4 = 23$                        $3 + 5 \cdot 4 - 2 = 13$                        $5 + 4 \cdot 1 = 9$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



**17 Көбейту және бөлу амалдарын орындау кезіндегі 0-дің қасиеті. Санды 0-ге бөлуге болмайтындығы**

**Жазушылар шығармаларындағы Қазақстан табиғаты**



**Сен көбейту мен бөлудегі 0-дің қасиетін әріпті теңдіктер арқылы жазып үйренесің.**

1. Мәні бірдей теңдіктерді тауып, ақын-жазушылардың қандай өлең жазғанын анықта.



М. Әлімбаев  
 $9 \cdot 1$

О, далам менің!  $5 \cdot 1$



С. Сейфуллин  
 $24 : 4$

Отан  $3 \cdot 3$



С. Мәуленов  
 $25 : 5$

Көкшетау  $6 : 1$

2. а) Есепте. Қорытынды жаса.

$0 \cdot 5 = 0 + 0 + 0 + 0 + 0 = \square$

$0 \cdot 3 = 0 + 0 + 0 = \square$

$0 \cdot a = 0$

ә) Өзара байланысты теңдіктер қалай құрылған?

$0 \cdot 5 = 0$

$0 \cdot 4 = 0$

$5 \cdot 0 = 0$

$4 \cdot 0 = \square$

$0 : 5 = 0$

$0 : 4 = \square$

$a \cdot 0 = 0$



Көбейткіштердің бірі 0-ге тең болса, көбейтіндінің мәні де 0-ге тең болады.

$0 : a = 0$ , себебі  $a \cdot 0 = 0$ .  
Егер 0-ді санға бөлсе, онда 0 шығады.

~~$a : 0 =$~~  **САНДЫ 0-ГЕ БӨЛУГЕ БОЛМАЙДЫ!**

3. Қима қағаздағы өрнектерді пайдаланып, тура теңдік және теңсіздіктер құр.

$1 \cdot 5$	$3 : 3$	$1 \cdot 3$	$0 \cdot 6$	$3 \cdot 1$
$0 : 5$		$8 \cdot 0$		$9 : 9$


4. Өрнекті оқы. Есепте.

$32 : 8 + 6 \cdot 0$	$12 + 3 : 3$	$400 - 9 \cdot 1 + 210$
$0 \cdot (459 - 455) : 2$	$18 : 3 + 0 : 2$	$3 \cdot (789 - 780) + 89$

5. Есептің шартына сұрақ қой.

а) Саябаққа 24 терек көшеті үш қатарға теңдей бөлініп отырғызылды. ... қанша...?

ә) Сызбаны пайдаланып, кері есептер құрастыр.



6. Теңдеулерді шеш.

$a \cdot 5 = 0$        $c : 6 = 2$        $45 : x = 1$

7. Бірінші мысалдарды шығар. Олардың жауабын пайдаланып, осы бағандағы қалған мысалдардың жауабын жылдам тап.

$(450 + 40) - 280$	$600 - (100 + 80)$	$(310 + 90) \cdot 1$
$(460 + 40) - 280$	$600 - (100 + 60)$	$(310 + 60) \cdot 1$
$(470 + 40) - 280$	$600 - (100 + 40)$	$(310 + 30) \cdot 1$

Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



18


**0 және 1 санымен амалдар орындау.  
Жақшалы өрнектердің мәнін табу**

**Қазақстанның табиғаты туралы аңыздар**



**Сен көбейту мен бөлудегі 0-дің қасиетін әріпті теңдіктер арқылы жазып үйренесің.**

1. Өрнектің мәнін тап, сонда сен фотосуреттердің қандай аңызға байланысты алынғанын білесің.



Гле (300) мен  
Қаратал (400)

Бура тауы  
(560)

$1000 - (580 + 120)$      $930 - (1000 - 470)$      $120 + (1000 - 560)$

Ө.ж.

2. Қима қағаздағы өрнектерді пайдаланып, екі-екіден тура теңдік және теңсіздік құр.

а)  $1 \cdot 4$      $3 + 5$      $4 \cdot 1$      $8 : 8$   
 $2 : 2$      $6 + 3$      $8 \cdot 1$      $3 - 3$

ә)  $6 \cdot 1$      $0 : 3$      $1 \cdot 2$      $3 \cdot 3$   
 $4 : 4$      $0 \cdot 4$      $7 \cdot 0$      $9 - 9$

3. Өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтап, олардың мәнін тап.

а)  $26 + 12 : 6$      $(130 - 25) \cdot 2$      $5 \cdot 4 + 36 : 9$   
 $200 - 7 \cdot 2$      $2 \cdot (116 - 112)$      $12 - 4 + 2 \cdot 3$

ә)  $24 : 4 - 4$      $630 - 120 + 240$      $(14 + 6) : 2 + 560$   
 $18 : 6 \cdot 2$      $630 - (120 + 240)$      $200 + 4 \cdot (2 + 3)$



4. Ауызша түсіндіре отырып есепте.

а) $1 \cdot 9$	$1 \cdot 4$	$6 : 6$	$23 : 23$
$73 \cdot 1$	$8 : 8$	$5 : 5$	$23 \cdot 1$
ә) $0 \cdot 8$	$53 : 53$	$25 \cdot 0$	$22 \cdot 1$
$0 : 6$	$0 \cdot 19$	$18 : 18$	$22 : 22$



5. Өзара байланысты сандарды тап. Теңдіктер құр.

1 2 3 4 5	2 3 4 5	12 15 16 18 21	$\text{blue} \cdot \text{green} = \text{pink}$
6 7 8 9		25 32 40 45	$\text{pink} : \text{green} = \text{blue}$

6. Қысқаша жазылуы бойынша есеп құрастырып, оны шығар.

- а) Мұрат – 8 беттен 6 әңгіме  
 Кәмила – 7 беттен 9 әңгіме  $\curvearrowright$  ? бет артық
- ә) Болғаны – 9 беттен 4 ертегі және 6 беттен 3 ертегі  
 Оқылды – 50 бет  
 Қалды – ? бет



7. Бақшада шаршы тәріздес екі жер теліміне таңқурай отырғызылған. Сен оларды периметрі бойынша сыммен қоршауға тиіссің. Егер әр жер телімінің ұзындығы 5 метрге тең болса, онда саған қанша метр сым қажет?



8. Егер оқушы өрнектердің мәнін амалдар бойынша есептеген болса, онда ол қандай өрнектің мәнін тапқанын анықта.

а) $\square ?$	ә) $\square ?$	б) $\square ?$
1) $18 : 3 = 6$	1) $35 - 23 = \square$	1) $27 : 3 = \square$
2) $500 + 6 = 506$	2) $12 : 2 = \square$	2) $5 \cdot 9 = \square$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.





19

## Есепті модельдеу

## Қазақтың мақалдары



Сен есеп бойынша өрнек құруды үйренесің.

1. Сандарды кему ретімен жазып, мақалды оқы.

көгереді 190 000	Жауынмен 250 000	Батамен 189 000
ел 180 000	көгереді 155 000	жер 200 000



Есептің шығарылуын амалдар бойынша және өрнек түрінде жазуға болады.

Есеп  
бойынша  
өрнек

2. Есепті оқы.

Мұғалім әрқайсысында 6-дан табиғат көрінісі бар 5 фотосурет жиынтығын әкелді. Ал жануарлардың фотосуреті оған қарағанда 5-еуі артық. Ол жануарлардың фотосуретін 7 партаға жайып қойды. Әр партаға неше жануарлар бейнеленген фотосуреттен қойылды?

Есептің амалдар бойынша қалай шығарылғанына қара:

1)  $6 \cdot 5 = 30$  (дана) – табиғат көрінісінің фотосуреті.

2)  $30 + 5 = 35$  (дана) – жануарлардың фотосуреті.

3)  $35 : 7 = 5$  (дана) – әр партадағы жануарлардың фотосуреті.

Төмендегі өрнектерді қарастыр. Амалдардың орындалу тәртібін көрсет. Олардың қайсысы берілген есепке сәйкес екенін анықта.

$$(6 \cdot 5 + 5) : 7$$

$$6 \cdot 5 + 5 \cdot 7$$

$$(6 + 5 : 5) : 7$$



3. Есептерге өрнек құрып, оларды шығар.

а) Бір кітапта 20 бет, екіншісінде 12 бет бар. Күніне 4 беттен оқылса, осы екі кітапты неше күнде оқып бітіруге болады?

ә) Балалар кітапханасында 145 жануарлар туралы, одан 423-і артық ертегі кітаптар бар. Балалар кітапханасында қанша ертегі кітап бар?

б) Жинақта 18 қазақ халық ертегісі және одан 2 есе кем орыс халық ертегісі бар. Жинақта барлығы қанша қазақ және орыс ертегілері бар?

в) Мектеп кітапханашысы бірінші күні оқушыларға 60 кітап, екінші күні бұдан 27 кітап кем берді. Ал үшінші күні екінші күнге қарағанда 12 кітап артық берді. Кітапханашы үшінші күні оқушыларға неше кітап берді?

4. Сандарды өсу ретімен жазып, мақалды оқы.

сөз	адамзатты	тасты	бұзар
150 000	130 000	110 000	120 000

бұзар	су	мен	Тау
200 000	111 000	105 000	100 000



Өзің мақал таңдап, осылай көрсет.

5. Өрнектерді баған түрінде жаз және есепте.

$$(1000 - 360) - (890 - 375)$$

$$781 - (594 - 546) - 138$$

$$(900 - 738) + (469 + 37)$$

$$376 + (434 - 254) + 329$$



6. Егер оқушы өрнектердің мәнін амалдар бойынша есептеген болса, онда ол қандай өрнектің мәнін тапқанын анықта.

а)

1)  $13 + 15 = 28$

2)  $28 : 4 = 7$

ә)

1)  $6 \cdot 3 = 18$

2)  $4 \cdot 9 = 36$

3)  $18 + 36 = 54$

б)

1)  $28 + 7 = 35$

2)  $18 : 2 = 9$

3)  $35 + 9 = 44$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



## Есепті модельдеу


### Отбасы құндылықтары



Сен есеп бойынша өрнектер құрастырасың.

1. а) Сандарды өсу ретімен жазып, мақалды оқы.

Сіз	жылы	сөз	біз	ағайынға	деген	жарасар
69	906	966	99	969	699	999




ә) Сандарды кему ретімен жазып, мақалды оқы.

басар  
900 000

Ананың  
999 000

ізін  
9 000

ізін  
990 000



Қыз  
909 000

басар  
99

ұл  
900

Әкенің  
90 000

Ө.ж.

2. Есепті өрнек түрінде шығар.

а) Анасы 200 теңгеге сүт, 420 теңгеге ірімшік, 345 теңгеге айран сатып алды. Анасы барлық сатып алған затқа қанша ақша төледі?

ә) Әкесі 9 теңгеден 5 дәптер және 400 теңгеге альбом сатып алды. Ол дүкеншіге 1000 теңге ұсынды. Дүкенші әкесіне қанша теңге қайтарады?



3. Қысқаша жазылуын толықтырып, есеп құрастыр.

Бүлдірген – 5 кг-нан  жәшік  
 Қарақат – 4 кг-нан  жәшік } ? кг

4. Есепті шығар.

а) Сатушы 9 сатып алушыға 3 кг-нан мандарин өлшеді. Сатушы барлығы қанша килограмм мандарин өлшеді?


ә) 40 дана шар 5 қорапқа теңдей бөлініп салынды. Әр қорапта қанша шар бар?



5. Өрнек құрып, оның мәнін тап.

- 219 санына 589 бен 130-дың айырмасын қос.
- 678 бен 98-дің қосындысынан 517 санын кеміт.
- 900 санынан 859 бен 214 сандарының айырмасын азайт.
- 800 бен 218 сандарының айырмасын 326 мен 92 сандарының қосындысына арттыр.

6. Әрбір фигура қанша торкөзден тұрады?



Торкөзді дәптерге өзің фигура сал. Торкөздерді қалай тиімді есептеуге болатынын жаз.



7. Егер оқушы өрнектердің мәнін амалдар бойынша есептеген болса, онда ол қандай өрнектің мәнін тапқанын анықта.

а)

ә)

б)

1)  $157 - 130 = 27$

2)  $27 : 3 = 9$

1)  $5 \cdot 7 = 35$

2)  $3 \cdot 8 = 24$

3)  $35 - 24 = 11$

1)  $9 \cdot 5 = 45$

2)  $12 : 2 = 6$

3)  $45 + 6 = 51$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



21

## Аудан. Ауданның өлшем бірліктері


### Отбасы құндылықтары



Сен «аудан» дегеннің не екенін, оның өлшем бірліктерін және ауданды палеткамен өлшеуді білетін боласың.




1. Пәтердің планына қара.



- Қонақ бөлменің периметрін тап.
- Дәліздің периметрін тап.
- Дәліздің ұзындығы енінен қаншаға артық?
- Қонақ бөлме есігінің ені 1 м болса, онда құрылысшыларға қанша метр еденкемер қажет болар еді?




2. Кішкентай үй қанша торкөзден тұрады? Үлкен үй ше? Қай үй қағаз бетінен аз орын алып тұр?





52

3. а) Жаяужолдың берілген бөлігіне төсеу үшін қанша тақтатас қажет болды?




ә) Жаяужол бөлігіне төсеу үшін қанша тақтатас қажет?

Аудан




4. а) Үстел бетіндегі фигуралардың қайсысы көп орын алған?




Фигураларды бір-бірімен беттестіргенде, бір фигура басқа фигураның ауданына сыйып кетсе, сол фигураның ауданы кіші болады.

ә) Тіктөртбұрыш пен дөңгелектің, үшбұрыш пен шаршының аудандарын салыстыр.



1.



2.


Сантиметр  
квадрат  
 $см^2$




Ауданның өлшем бірлігі – сантиметр квадрат ( $1см^2$ )



5. а) Ауданды өлшеу үшін оған қанша квадрат бірлік сыятындығын білу керек.



ә) Берілген фигуралардың ауданын тап. Ол үшін алдымен толық шаршыларды санап, толық емес шаршылардың санын 2-ге бөліп, алынған нәтижені бір-біріне қосу керек.



Сантиметр квадратқа бөлінген мөлдір пленканы палетка деп атайды. Онымен фигураның ауданын табуға болады.

$$S = a + b : 2$$

Мұндағы  $a$  – толық шаршылар саны,  $b$  – толық емес шаршылар саны.



Өзің палетка жасап ал. Түрлі түсті қағаздардан фигуралар қиып алып, оның ауданын тап.



6. Фигуралар сыз. Олардың ауданын палеткамен анықта.


7. Отбасы құндылықтарына не жатады? Өрнектің мәнін тауып, өз жауабыңды тексер. 50-ден артық жауаптардың барлығы дұрыс.

сыйластық  
 $36 : 4 + 5 \cdot 9$

жақсы үй  
 $65 - (15 : 3 + 20)$

қайырымдылық  
 $18 : 3 + 5 \cdot 9$

қарым-қатынас  
 $36 : 1 + 4 \cdot 9$



жауапкершілік  
 $65 - (15 : 3 + 5)$

салт-дәстүр  
 $50 + (1 + 0) \cdot 9$

кешіре білу  
 $36 + (1 + 4) \cdot 9$

ататек  
 $30 + (25 : 5 - 2)$

8. Есепте.

$$32 : 8 + 7 \cdot 5$$

$$(7 + 24 : 3) : 5$$

$$7 \cdot 5 - 7 \cdot 4 + 360$$

$$905 - (25 + 15) : 8$$

$$675 + 25 - 5 \cdot 7$$

$$(7 + 21) : 7 + 100$$



9. Талғат, Әлия, Маржан үшеуі анасына көмектесті. Үйді шаң-сорғышпен тазалады, ыдыс жуды, бақшаны суғарды. Талғат ыдыс жуған жоқ және бақшаны да суғармады. Әлия да ыдыс жуған жоқ. Балалардың әрқайсысы не істеді?



10. Өзіңнің бөлмеңнің планын сыз. Оның периметрін тап.



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.






Еңбектің адам өміріндегі маңызы



Сен әртүрлі ауданды салыстыруды, шамалар мәнімен берілген амалдарды орындауды үйренесің.

1. Суреттегі әрбір берілген аумақты толтыру үшін қанша тақтатас керек?




Ауданның өлшем бірліктері

2. Үлкен аудандарды ірірек өлшем бірліктерімен өлшейді.

а) Дәптеріңе қабырғасы 10 см немесе 1 дм болатын шаршы сыз. Бұл – 1 дециметр квадрат ( $1 \text{ дм}^2$ ). Осы шаршының ауданын палетканың көмегімен тап.

ә) Сәуленің бөлмесінің еденінде қабырғалары 1 м болатын шаршы тәріздес кілем жатыр. Бұл – 1 метр квадрат ( $1 \text{ м}^2$ ).




б) Саяжай және бау-бақшалардың ауданын сотықпен өлшейтінін сен білесің бе?



$$1 \text{ дм}^2 = 100 \text{ см}^2$$



$$1 \text{ м}^2 = 100 \text{ дм}^2 = 10\,000 \text{ см}^2$$



3. Инженер-конструктор 1 метр квадрат пен 1 дециметр квадраттың кішірейтілген сызбасын салды.

1 дециметр квадратта қанша сантиметр квадрат бар екенін есепте.

1 метр квадратта қанша дециметр квадрат барын есепте.



4. Есепте.

a)  $5 \text{ м}^2 + 45 \text{ м}^2$

$35 \text{ м}^2 : 7$

$35 \text{ м}^2 + 29 \text{ м}^2$

ә)  $9 \text{ м}^2 \cdot 4$

$500 \text{ м}^2 - 235 \text{ м}^2$

$3 \text{ дм}^2 + 506 \text{ дм}^2$

5. Есепті өрнек түрінде жазып, оны шығар.

a) Сатушы үш сатып алушыға 5 кг-нан, ал төртіншісіне 15 кг картоп өлшеді. Сатушы барлығы қанша килограмм картоп өлшеді?

ә) Қорапта 25 кг кәмпит бар. Кәмпит 5 қағаз қапшықтың әрқайсысына 2 кг-нан салынды. Қорапта қанша килограмм кәмпит қалды?

б) Мектеп асханасында 4 үстелдің әрқайсысына 8 орындықтан және 1 үстелге 12 орындық қойылған. Асханада бір уақытта барлығы неше бала тамақтана алады?



Есептердегі мәліметтерді басқа сандармен алмастыр. Қайтадан шығар.

6. Тиімді тәсілмен есепте.

$23 + 89 + 77$

$223 + 389 + 277$

$123 + 289 + 177$

$44 + 78 + 56$

$144 + 578 + 256$

$544 + 278 + 156$



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.




Еңбектің адам өміріндегі рөлі



Сен аудандарды салыстырып, шамалардың мәнімен амалдар орындайсың.


1. Осы ауданға қанша тақтатас сыятынын есепте?




2. Фигуралардың ауданын тап.

Ө.ж.

а) Қатарды сана. Тіктөртбұрышта (шаршыда) қанша қатар бар? Әрбір қатарда неше торкөз бар? Тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы нешеге тең?



ә) Баған бойынша есепте. Тіктөртбұрышта (шаршыда) қанша баған бар? Әр бағанда қанша торкөз бар? Тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы нешеге тең? Оның ауданының мәнін жаз және есептеуді салыстыр.



3. Есепте.

$60 \text{ см}^2 + 452 \text{ см}^2$      $6 \text{ м}^2 \cdot 8$      $21 \text{ дм}^2 : 7$      $800 \text{ м}^2 - 535 \text{ м}^2$

4. Есепті өрнек түрінде жазып, оны шығар.



а)  $AB$  кесіндісінің ұзындығы – 6 см, ал  $CD$  кесіндісінің ұзындығы – 18 см. Біреуі екіншісінен неше есе ұзын?

ә)  $AB$  кесіндісінің ұзындығы – 5 см, ал  $CD$  кесіндісінің ұзындығы – 15 см.  $CD$  кесіндісі  $AB$  кесіндісінен неше сантиметрге ұзын?

5. Есептің қысқаша жазылуын санды деректермен толықтырып, есеп құрастыр.

Қызанақ –  кг-нан  жәшік } ? кг  
 Қияр –  кг-нан  жәшік

6. Жұмысшыларға (а) суреттегі еденге төсеу үшін қанша қоңыр тақтатас қажет болды? (ә) суреттегі еденге ше?



Егер 1 тақтатастың ауданы 1 дм<sup>2</sup> болса, онда қоңыр тақтатаас төселген әр еденнің ауданы қанша болады?

7. Есепте. Салыстыр.



$$3 \text{ м}^2 \cdot 6 * 25 \text{ м}^2 - 7 \text{ м}^2$$

$$56 \text{ м}^2 + 34 \text{ м}^2 * 9 \text{ м}^2 \cdot 5$$

$$96 \text{ м}^2 - 28 \text{ м}^2 * 35 \text{ м}^2 : 7$$

$$18 \text{ м}^2 : 2 * 9 \text{ м}^2 \cdot 3$$

8. Әрбір гүлзардың периметрін тап. Гүл өсіруші әрбір гүлзарды қоршағысы келді. Ол үшін ұзындығы қандай қоршау даярлау керек?



9. Есептемей, әрбір бағандағы өрнектердің мәні бірдей деп айтуға бола ма?

$$4 \cdot 7 + 28$$

$$3 \cdot 7 + 3 + 15$$

$$7 \cdot 4 + 28$$

$$7 \cdot 3 + 3 + 15$$

Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



Менің жұмсайтын шығындарым




Сен 2-3 амалдан тұратын есептерді шығарасың.




1. Кесте бойынша есеп құрастырып, оны шығар.


Бағасы	Саны	Құны
9 теңге	3 дана	? теңге
5 теңге	? дана	30 теңге
? теңге	6 дана	24 теңге



Сатып алынған заттың санын білу үшін заттың құнын заттың бағасына бөлу керек.  
 $c = Q : b$



Заттың бағасын білу үшін заттың құнын оның санына бөлу керек.  
 $b = Q : c$



Заттың құнын білу үшін заттың бағасын оның санына көбейту керек.  
 $Q = b \cdot c$




2. «Дүкен» ойыны. Сен дүкенге келдің. Әрбір сатып алынған заттың құнын анықта. Кесте бойынша есеп құрастырыңдар.



9 теңгеден 5 дәптер	7 теңгеден 4 дәптерқап	8 теңгеден 2 ашықхат
8 теңгеден 3 хатқалта	8 теңгеден 4 бетбелгі	10 теңгеден 5 өшіргіш



3. Есептер құрастыр.



4. 500 теңгеге не сатып алар едің?



Ойыншық ақшаларды пайдаланып, «Дүкен» ойынын ойна.



5. Есептер құрастыр.

Болғаны – □ теңге

Сатып алынды – □ теңгеден □ дана


Қалды – ? теңге

100 теңге




9 теңгеден

90 теңге



10 теңгеден

60 теңге



7 теңгеден

6. Есепте.

$$(25\ 000 - 5\ 000) + 12\ 000$$

$$25\ 000 - (5\ 000 + 12\ 000)$$

$$80\ 000 - (35\ 000 - 30\ 000)$$

$$(80\ 000 - 35\ 000) - 30\ 000$$

$$56\ 000 + (20\ 000 - 16\ 000)$$

$$(56\ 000 + 20\ 000) - 16\ 000$$

7. Сегіз бірдей тиынның біреуі жалған, бірақ ол басқасынан жеңіл. Ең аз өлшеу арқылы жалған тиынды қалай тауып алуға болады?



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.




Жануарларға қамқорлық



Сен екі жиынның бірігуі мен қиылысуын белгілеуді, құрастыруды, бейнелеуді үйренесің.

1. Сұрақтарға жауап бер.




Жиындардың  
бірігуі және  
қиылысуы

- Кіші дөңгелектің сыртында неше нүкте жатыр?
- Кіші және үлкен дөңгелектің сыртында неше нүкте жатыр?
- Үлкен дөңгелекте және кіші дөңгелекте неше нүкте жатыр?

Сурет бойынша сұрақтар ойластырып, оны достарыңа қой.



2. 3-ке және 4-ке бөлінетін сандар жазылған қима қағаздар дайында. Екі сақинаны суреттегідей үстелдің бетіне қой. Оның сол жағына 3-ке бөлінетін сандар жиыны, оң жағына 4-ке бөлінетін сандар жиыны жазылған қима қағаздарды орналастыр.



*A – 3-ке бөлінетін сандар жиыны.*


*B – 4-ке бөлінетін сандар жиыны.*

3-ке де, 4-ке де бөлінетін сандарды ата. Олар қайда орналасады? Енді 3-ке бөлінетін немесе 4-ке бөлінетін сандарды ата.






Егер жиындар атауында «ЖӘНЕ» сөзі қолданылса, онда оның әр элементі екі жиынның қиылысында (екі шеңбердің ортақ бөлігінде) орналасуы тиіс.  $\cap$  – жиындардың қиылысу белгісі.



Егер жиындар атауында «НЕМЕСЕ» сөзі қолданылса, онда оның әрбір элементі кез келген екі жиынның бірінде орналасуы мүмкін.  $\cup$  – жиындардың бірігу белгісі.




3. Құстардың атауын оқыңдар. Олар қай шеңберде орналасқан? Аңдардың атауын оқыңдар. Олар қай шеңберде орналасқан? Ұша алатын жануарлардың атауын оқыңдар. Олар қайда орналасқан?



Өздерің осындай жиын құрастырыңдар. Жиындар қиылысуына атау беріңдер.



4. Суретте жиын элементтерін тауып, дөңгелекке фигура түрінде орналастыр. Фигураға әр сөздің бірінші әрпін жаз.



**Жиындар:**

○ – жануарлар жиыны;

▭ – аңдар; ◇ – құстар;

□ – балықтар; △ – өсімдіктер.



Қарағай



Шағала



Сазан



Құмырсқа



Мұзтау



Қызғалдақ



Керік



Түлкі




Өзен



5. Сандарды оқы: 2, 47, 16, 8, 17, 32, 6, 53.

Қиылысатын екі дөңгелек сыз. Қызыл дөңгелекте жұп сандар, ал көк дөңгелекте екі таңбалы сандар болады. Әрбір санды дөңгелектерге дұрыс жаз. Екі таңбалы жұп сандар жазылатын бөлікті бояп көрсет.



Жұп сандар

Екі таңбалы сандар



Элементтері жоқ жиын – бос жиын деп аталады және былай белгіленеді:  $\emptyset$ . Бос жиынды кез келген қарама-қарсы қасиеттері арқылы анықтауға болады.



Бос жиындарға берілген мысалдарды оқып, өзің де осындай мысалдар ойластыр.

*Бос жиындарға берілген мысалдар:*

- жылқылардың Айдағы жиыны;  $\emptyset$
- теңіздегі жұлдыздар жиыны;
- аспандағы балықтар жиыны.

### 6. Есепті шығар.

Әлия 9 теңгеден 5 дәптер және 540 теңгеге қойындәптер сатып алды. Ал Сырым 9 теңгеден 4 дәптер және 345 теңгеге альбом сатып алды. Олардың қайсысы көп және қанша ақша артық жұмсады?

### 7. Теңдеулерді шеш.

$$27 : a = 5 + 4$$

$$100 - y = 17 + 64$$

$$a \cdot 8 = 15 + 9$$



### 8. Дұрыс пікірді тап.

- а) Дөңгелектердің ортақ бөлігінде қызыл заттар немесе қызыл шарлар орналасқан.
- ә) Дөңгелектердің ортақ бөлігінде қызыл және дөңгелек ойыншықтар орналасқан.

Сұраққа жауап бер:

- а) Барлық ойыншықтар қанша?
- ә) Қызыл шарлар қанша?
- б) Барлық шарлар қанша?



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



### Менің қызығушылығым



Сен екі жиынның бірігуін және қиылысуын белгілейсің, құрастырасың, бейнелейсің.


1. а) Біздің сыныптың оқушылары шахматпен және бимен айналысады. Сұрақтарға жауап бер:

- Қанша бала шахматпен айналысады?
- Қанша бала бимен айналысады?
- Қанша бала шахматпен де, бимен де айналысады?
- Болаттың шахматпен де, бимен де айналысатыны рас па?
- Сырымның шахматпен де, бимен де айналысатыны рас па?

Сурет бойынша сұрақтар ойластырып, оны досыңа (құрбыңа) қой.



ә) Сурет бойынша сұрақ қой.






2. Біздің сыныптың кейбір оқушылары сүйікті пәні ретінде математиканы және жаратылыстануды атады. Сызбаға берілген сұрақтарға жауап бер.

- Неше оқушы математиканы сүйікті пәні ретінде атады?
- Неше оқушы жаратылыстануды сүйікті пәні ретінде атады?
- Неше оқушы математиканы да, жаратылыстануды да сүйікті пәні ретінде атады?
- Санжардың математиканы да, жаратылыстануды да жақсы көретіні рас па?
- Диастың математиканы жақсы көретіні рас па?




Сызба бойынша сұрақтар ойластырып, достарыңнан сұра.


3. Суреттегі жиындардың қиылысқан бөлігіндегі элементтерді ата. Жиындардың қиылысуына атау бер.



4. 3-сынып оқушылары көрмеге және музейге экскурсияға барды. Көрмеге 12 оқушы, ал музейге 18 оқушы барды. 4 оқушы көрмеге де, музейге де барды. Экскурсияға барлығы неше оқушы барды?



5. а) 20-ға дейінгі екі таңбалы жұп сандар жиынының барлық элементтерін жаз. 20-ға дейінгі екі таңбалы тақ сандар жиынының барлық элементтерін жаз.



ә) Қай жиын осы жиындардың бірігуі болады? Оның элементтерін жаз.

б) Бұл жиындар қиылыса ма?

6. Есептерді шығар.

а) Маржан дүкеннен 8 теңгеден бетбелгі және 7 теңгеден күнтізбе сатып алды. Ол осындай 5 бетбелгі мен 4 күнтізбеге барлығы қанша теңге төлейді?

ә) Санжар бумадағы бір рет қолданылатын стақандарды 345 теңгеге және 5 теңгеден 9 түтікше сатып алды. Ал Маржан 8 теңгеден 5 қасық, 250 теңгеге 1 бума майлық қағаз сатып алды. Олар екеуі бірге барлығы қанша теңге төледі?



7. Кестені пайдаланып, тура теңдік пен теңсіздік құрастыр.

$321 + 129$	$328 - 258$
$160 - 90$	$150 + 40$
$240 - 50$	$53 + 367$
$98 + 102$	$900 - 450$

$$\square + \square * \square - \square$$

$$\square - \square * \square + \square$$




8. Дұрыс пікірді тап.

а) Дөңгелектің ортақ бөлігінде көк немесе кішкентай кеселер орналасқан.

ә) Дөңгелектің ортақ бөлігінде көк және кішкентай кеселер орналасқан.

б) Дөңгелектің ортақ бөлігінде кішкентай көк кеселер орналасқан.



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



## Мүмкіндіктер тармағы

### Мінез-құлық ережелері



Сен мүмкіндіктер тармағын құрып үйренесің.

1. Қима қағазға үш сан жаз, мысалы: 3, 6, 9. Олардан үш таңбалы сандар құрастырып, оларды жаз. Әртүрлі неше нұсқа шықты?



Сандардың барлық нұсқаларын құрастырған кезде белгілі бір ережеге сүйенген ыңғайлы. Мысалы, 3, 6, 9 цифрларынан барлық үш таңбалы санды былай құрастырады: алдымен жүздіктің орнына 3-ті қойып, содан кейін 6-ны, одан кейін 9-ды, осылайша барлық мүмкіндікті таңдау керек.

3 6 9	6 3 9	9 3 6
3 9 6	6 9 3	9 6 3




Таңдау тәсілін мүмкіндіктер тармағы деп аталатын сызбамен ауыстыруға болады.

Осы нұсқалардың барлығын мүмкіндіктер тармағында көрсетуге болады.

Жүздіктер

Ондықтар

Бірліктер



Мүмкіндіктер тармағы




Осы тармақтағы әрбір жол шешу нұсқаларының біріне сәйкес келеді. Неше нұсқа болса, сонша тармақ болады. Мүмкіндіктер тармағы шешімдердің барлық нұсқасын табуға көмектеседі. Мысалы, 369 саны тармақта қызыл түспен берілген.


## 2. Есептерді шығар.

а) Асханада түскі астың екінші тағамына – ет, балық және қуырдақ, ал төттіге – тоқаш, балмұздақ және жеміс даярланды. Бір екінші және бір төтті тағам таңдау керек. Түскі асты таңдаудың әртүрлі неше нұсқасы бар?

Мұндай есепті шешуде «мүмкіндіктер тармағын» пайдаланған ыңғайлы. Әрбір тағамды нүкте арқылы белгілейік.



ә) Асханада түскі астың бірінші тағамына – кеспе көже және нарын, ал екіншіге – ет, балық және қуырдақ даярланды. Екі түрлі тағамнан тұратын түскі астың неше нұсқасы бар? Мұндай есепті шығару үшін «мүмкіндіктер тармағы» былай беріледі:



б) Егер осы асханада шай, шырын және сүт беретін болса, онда үш түрлі тағамнан тұратын түскі асты қалай таңдауға болады? Барлық нұсқасын жаз.



## 3. Мүмкіндіктер тармағын құрыңдар.

Әлияда оқушы киімінің жиынтығы бар: үш кофта, бір белдемше, бір шалбар. Ол қанша киімдер жиынтығын құра алады?






4. Есептерді шығар. Тапсырманы орындауға кіріспес бұрын бірге қалай жұмыс жасау керектігін еске түсіріңдер.

а)  $AB$  кесіндісінің ұзындығы 6 см-ге, ал  $CD$  кесіндісінің ұзындығы 24 см-ге тең. Екінші кесінді бірінші кесіндіден неше есе ұзын?

ә)  $AB$  кесіндісі 6 см, ал  $CD$  кесіндісі 24 см-ге тең.  $CD$  кесіндісі  $AB$  кесіндісінен неше сантиметрге ұзын?



5. Біздің сыныпта көптеген қыздар секіртпемен секіргенді және жасырынбақ ойнағанды ұнатады. Сызбаға қарап, сұраққа жауап бер.



- Қанша қыз секіртпемен секірді?
- Қанша қыз секіртпені де, жасырынбақ ойынын да ойнады?
- Әселдің секіртпемен секіруді ұнататыны рас па?



Сызбаға қарап сұрақтар ойластырып, оны досыңа қой.

6. Кесте бойынша теңдеу құрып, оны шеш.

Қосылғыш	120		540
Қосылғыш		89	
Қосындының мәні	460	689	800

Азайғыш	770		870
Азайтқыш		430	
Айырманың мәні	540	560	70



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



Адамдар арасындағы достық



Сен мүмкіндіктер тармағын құратын боласың.

1. а) Ұлдар (ұ) мен қыздар (қ) кезектесіп отыратындай Нұрай (Н), Марат (М), Торғын (Т) және Серікті (С) орындыққа қалай отырғызса болады? Берілгенді пайдаланып, барлық мүмкін нұсқаларды жаз.

Н	М	Т	С	Т				М				С			
қ	ұ	қ	ұ	қ				ұ	қ	ұ	қ	ұ			
Н				Т				М				С			


1-сызба

Төртінші

Үшінші

Екінші

Бірінші




Мүмкіндіктер тармағы

ә) 1-сызбадан таңдау тәсілін пайдаланып, өзің жазған балаларды орындыққа орналастыру нұсқасын тап.



б) Мүмкіндіктер тармағын әртүрлі орналастыруға болады. Дәптеріңе мүмкіндіктер тармағын сал және толтыр.

2-сызба



2. а) 2-сызбадан төмендегі орналастыру мүмкіндіктерін тауып, қызыл түспен қоршап сыз.

М Н С Т

С Т М Н

Н С Т М

ә) 2-сызбадан төмендегі орналастыру мүмкіндіктерін тауып, көк түспен қоршап сыз.

Т С Н М

С Н М Т

Ө.ж.

3. 2, 7, 9 цифрларын пайдаланып, қанша екі таңбалы әртүрлі сан құрастыруға болады? Бұл сандарда цифрлар қайталануы мүмкін?

Тапсырманы әртүрлі тәсілдермен орында.


а) Мүмкін нұсқаларды таңда.

2\_\_\_, 7\_\_\_, 9\_\_\_;    2\_\_\_, 7\_\_\_, 9\_\_\_;    2\_\_\_, 7\_\_\_, 9\_\_\_.

ә) Мүмкіндіктер тармағының сызбасын құру.

Бірліктер

Ондықтар



4. Есептерді шығар.

а)  $AB$  кесіндісінің ұзындығы 5 см-ге, ал  $CD$  кесіндісі 25 см-ге тең. Қай кесінді қайсысынан қанша есе ұзын?

ә)  $AB$  кесіндісінің ұзындығы 5 см-ге, ал  $CD$  кесіндісі 25 см-ге тең.  $CD$  кесіндісі  $AB$  кесіндісінен неше сантиметрге ұзын?

б) Бір сөреде 5 кітап, ал басқа сөреде одан 4 есе артық кітап бар. Екі сөреде барлығы неше кітап бар?

5. Есепте.

$8 \text{ дм}^2 + 49 \text{ дм}^2$      $9 \text{ см}^2 \cdot 4$      $40 \text{ м}^2 : 5$      $500 \text{ см}^2 - 235 \text{ см}^2$



6. Балалардың бұйым жасау үшін қиып алған қағаздарының ауданын палетканың көмегімен есептеңдер.






7. Есепті оқы.


«Балалар әлемі» дүкенінің бір бөлімінде тоқылған заттар сатылды: қара (Қ), жасыл (Ж) бөкебайлар, көк (К), ақ (А) тақиялар және сары (С), қызғылт сары (ҚС) қолғаптар.

Үш заттан тұратын неше жиынтық жасауға болады?

Мүмкіндіктер тармағын сызып, алынған нәтижелерді салыстыр.

8. Кесте бойынша есептер құрастырып, оларды шығар.

Тауар	Бағасы	Саны	Құны
	9 теңге	? дана	45 теңге
	6 теңге	5 дана	? теңге
	? теңге	8 дана	40 теңге



Барлық заттың құнын білу үшін бір заттың ... оның ... көбейту керек.

Сатып алынған заттың санын білу үшін барлық заттың ... бір заттың ... бөлу керек.

Бір заттың бағасын білу үшін барлық заттың ... оның ... бөлу керек.

9. Тиімді тәсілмен есепте.

$5 + 39 + 95$

$205 + 199 + 295$

$105 + 599 + 195$

$6 + 98 + 94$


$106 + 198 + 594$

$306 + 298 + 294$



10. Сыныпта 29 оқушы бар. Олар хауызға және сурет үйірмесіне барады. 16 оқушы хауызға да, сурет үйірмесіне де барады. 3-еуі тек сурет үйірмесіне, ал 5-еуі тек хауызға барады. Қанша оқушы хауызға да, сурет үйірмесіне де бармайды?

Барлығы 29 оқушы



Хауыз

Сурет үйірмесі



Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр.



Адамдар арасындағы достық



Сен шамалардың мәндерін салыстыруды, жиындардың қиылысуы мен бірігуін белгілеуді білесің. «Мүмкіндіктер тармағын» құрып, 2-3 амалды есептерді шығарасың.

1. Біздің сыныптың кейбір оқушылары сүйікті пәні ретінде математика мен қазақ тілін атайды. Сұрақтарға жауап бер.

- Неше оқушы математиканы сүйікті пәні деп санайды?
- Неше оқушы қазақ тілін сүйікті пәні деп санайды?
- Неше оқушы математиканы да, қазақ тілін де сүйікті пәні деп есептейді?
- Санжардың математиканы да, қазақ тілін де жақсы көретіні рас па?
- Майраның математиканы жақсы көретіні рас па?

Сызбаға қарап, өзің сұрақ ойлап, оны досыңа қой.



Ө.ж.

2. Есептерді шығар.

а) 2-ге бөлінетін бір таңбалы сандар жиынын көк дөңгелекке жаз. Ал 3-ке бөлінетін бір таңбалы сандар жиынын қызыл дөңгелекке жаз. Әрбір жиында неше элемент бар? Осы жиындардың қиылысында неше элемент бар?

ә) 2-ге бөлінетін 20-ға дейінгі сандар жиынын көк дөңгелекке жаз. 3-ке бөлінетін 20-ға дейінгі сандар жиынын қызыл дөңгелекке жаз. Әрбір жиында неше элемент бар? Осы жиындардың қиылысында неше элемент бар?

3. а) Есепті шығар.

Сыныпта 3 қатардың әрқайсысында 3 партадан бар. Сыныпта барлығы неше парта бар?

ә) Есепті шығар. Оны есептің (а) нұсқасымен салыстыр.

Сыныпта 3 қатардың әрқайсысында 3 партадан бар. Сыныпқа тағы 4 парта әкелінді. Барлығы неше парта болды?

б) Қысқаша жазылуы бойынша

(ә) есепке кері есеп құрастыр.



Болды – ? партадан 3 қатар  
 Әкелінді – 4 парта  
 Барлығы – 13 парта

Болды – 3 партадан 3 қатар  
 Әкелінді – ? парта  
 Барлығы – 13 парта

Болды – 3 партадан ? қатар  
 Әкелінді – 4 парта  
 Барлығы – 13 парта



4. Есепті шығар. Берілгенге кері есептер құрастырып, оларды шығар.

Мектептегі жөндеу жұмысына 3 килограмнан 2 құты көк және 15 килограмм ақ бояу сатып алынды. Барлығы неше килограмм бояу сатып алынды?

5. Көрсетілген қосындының мәні шығу үшін әр топтан үш-үштен сан таңдап ал.

<b>100</b>		
55	35	15
13	24	45
40	61	32

<b>990</b>		
180	130	410
450	200	270
190	550	280

<b>88</b>		
44	40	26
22	27	24
50	38	20

<b>77</b>		
